

Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшениң) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 159 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 сәуірде № 16792 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 4 қазандағы № 463-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 04.10.2024 № 463-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-3-бабының 12-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :

1. Қоса беріліп отырған Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшениң) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Акпарат және коммуникациялар министрі*

Д. Абаев

**Қазақстан Республикасы
Акпарат және коммуникациялар
министрінің 2018 жылғы
18 сәуірдең № 159
бұйрығымен бекітілген**

Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшениң) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшениң) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-3-бабының 12-2) тармақшасына сәйкес әзірленген және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшениң) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқынтайтын тәжірибелі жағдайларды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық-анықтамалық материал – жетекшілік ететін саланы дамыту бойынша сипаттаманы және статистикалық деректерді, оның ішінде өткізілетін мемлекеттік бастамалар мен басқа да іс-шараларды ақпараттық түсіндірулерді қамтитын мәліметтер;

2) бірыңғай республикалық медиажоспар – орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың жетекшілік ететін стратегиялық бағыттарын іске асыру бойынша іс-шараларды көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша қызметін жариялау жоспары (бұдан әрі – медиажоспар);

3) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган – бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган);

4) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) – мемлекеттік органның құзыретіне қатысты мәселелер, сондай-ақ оның қызметі бойынша ақпараттарды таратуды жүзеге асыратын тұлға (бөлімше) (бұдан әрі – уәкілетті тұлға (бөлімше));

5) медиа-грид – ерекше қоғамдық және саяси маңызы бар негізгі іс-шаралардың жоспар-кестесі;

2-тaraу. Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қымыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшениң) уәкілетті органмен өзара іс-қымыл жасау тәртібі

3. Мемлекеттік органдар бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органды уәкілетті тұлғаны (бөлімшени) құру (тағайындау) туралы байланыс деректерін (тегі, аты, әкісінің атын (бар болған жағдайда), электрондық мекенжайын, жұмыс/ұялы телефонын) ұсынумен хабардар етеді.

4. Уәкілетті орган мемлекеттік орган ұсынған ақпараттар негізінде уәкілетті тұлғалар (бөлімшелер) туралы анықтамалықты қалыптастырады.

5. Уәкілетті тұлға (бөлімшеле) жыл сайын ағымдағы жылдың алдағы бірінші және үшінші тоқсанындағы айдың бірінші күнінен кешіктірмей уәкілетті органға алдағы жылға арналған медиажоспарды қалыптастыру үшін мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптық бағыттары бойынша ұсыныстар жолдайды.

Уәкілетті тұлға (бөлімшеле) тоқсанына бір рет медиажоспарды өзекті етеді.

Қажет болған жағдайда уәкілетті орган мемлекеттік ақпараттық саясаттың стратегиялық бағыттарын есепке ала отырып, медиажоспарға түзетулер енгізеді.

6. Жыл сайын уәкілетті органнан келіп түскен ұсыныстар негізінде ағымдағы жылдың алдағы бірінші және үшінші тоқсанында айдың жиырмасынан кешіктірмей уәкілетті орган негізгі бағыттар мен тақырыптық желілерді ескере отырып, медиа-жоспарды әзірлейді және мақұлдайды.

7. Медиа-жоспарға мынадай іс-шаралар кіреді:

1) орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында стратегиялық бағыттарын, нысаналы аудиторияларын, заңнамаға жоспарланған салалар бойынша өзгерістерді көрсете отырып, жариялау жөніндегі іс-шаралар;

2) қоғамның наразылығын туғызатын проблемалы мәселелерді ақпараттық ескертулерге бағытталған іс-шаралар.

8. Уәкілетті тұлға (бөлімшеле) мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру мақсатында ай сайын есептік кезеңің 25 күнінен кешіктірмей медиажоспардың іс-шараларын іске асыру туралы ақпаратты уәкілетті органға еркін нысанда ұсынады.

9. Мақұлданған медиажоспарға сәйкес уәкілетті орган тиісті оқиғаларды ақпараттық жариялау үшін уәкілетті тұлғага (бөлімшеге) бірынғай ақпараттық аланды ұсынады.

10. Апта сайын бейсенбі күні уәкілетті органға осы Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша алдағы аптаға арналған ақпарат келесідей ақпараттық-анықтамалық материалдармен қоса жолданады:

- 1) іс-шараның күні, уақыты және өткізілу орны;
- 2) ұйымдастырушылар және байланыс деректері;
- 3) іс-шараны өткізудің мақсаты және міндеті;
- 4) түйінді месседжилер;
- 5) спикерлер (лауазымы, байланыс деректері);
- 6) іс-шарадан нәтиже.

Бірнеше орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне қатысты мәселелер туындаған кезде уәкілетті тұлға (бөлімше) бірыңғай ақпараттық күн тәртібін қалыптастыруы және ақпаратты басқа мүдделі мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары арасында одан әрі таратуы үшін өз құзыреті шенберіндегі ақпаратты уәкілетті органға бір жұмыс күні ішінде ұсынады.

11. Ұсынылған ақпараттар негізінде уәкілетті орган алдағы аптаға арналған апта сайынғы медиа-гридті қалыптастырады және бір жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жолдайды.

12. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу мақсатында уәкілетті орган уәкілетті тұлғадан (бөлімшеден) орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың қызметі туралы ақпараттық-анықтамалық материалдарды (мәліметтерді, әдістемелік әзірлемелерді, инфокестелерді, статистикалық және талдамалық материалдарды) сұратады.

13. Ақпараттық-анықтамалық материалдарды уәкілетті тұлға (бөлімше) сұрау салу келіп түсken күннен бір жұмыс күні ішінде ұсынады.

Бұқаралық ақпарат
 құралдарымен
 өзара іс-қимыл жасау жөніндегі
 уәкілетті тұлғаның (бөлімшениң)
 бұқаралық ақпарат құралдары
 саласындағы уәкілетті органмен
 өзара іс-қимыл жасау
 қағидаларына қосымша
 нысан

Алдағы аптаға арналған ақпарат

(күні, айы, жылы)						
Мемлекеттік органның атапуы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі/ Жексенбі
Басты жаңалық						

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК